

Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№15 (871) Сәрсенбі 10 сәуір 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/><http://www.instagram.com/eltilegigazeti><http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

Тоқаев апаттан қираған тұрғын үйлерді тез арада қалпына келтіруді тапсырды



Былыр 157 мың тұрғын үй салынған. Биыл 172 мың тұрғын үй салу көзделіп отыр. Мемлекет басшысы Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевты қабылдады.

Қанат Шарлапаев өнеркәсіптік даму, геология, жер қойнауын пайдалану және құрылыс салаларындағы жұмыстың нәтижесі мен алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде баяндады. Шарлапаевтың айтуынша, биылғы қаңтар-ақпан айларында Қазақстанның өңдеу өнеркәсібіндегі өсім 7,4 пайызды құраған. Өндіріс көлемін ұлғайтуда машина жасау, металлургия, химия және жеңіл өнеркәсіп сияқты салалардың үлесі зор. Жалпы құны 1,5 триллион теңге болатын 180 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Соның арқасында 17,8 мың жұмыс орны ашылмақ.

Былыр 157 мың тұрғын үй салынған. Биыл 172 мың тұрғын үй салу көзделіп отыр. Сондай-ақ жалға берілетін 22 мың тұрғын

үйдің құрылысына мемлекеттен 300 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінген. «Отбасы банкі» арқылы қаржыландыру көлемі 300 миллиард теңгені құрайтын бағдарлама іске қосылды. Бұл ел азаматтарына 12 мың ипотекалық займ беруге септігін тигізеді.

Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге қатысты аукциондарды электронды форматта өткізу үшін E-Qazynakz цифрлық платформасының іске қосылған. Бұл бастама процестің ашықтығы мен қолжетімділігін едәуір арттырды. Қазіргі уақытта су басқан өңірлерде жана тұрғын үй салу үшін жобалық-сметалық құжаттаманың құнын бекіту жұмыстары аяқталып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев апаттан қираған тұрғын үйлерді тез арада қалпына келтіруді тапсырды.

ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛДАУ ЖАСАЛУЫ ТИІС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте аймақтың салық базасын ұлғайту жолдары қаралды.

Аймақ басшысы аталған мәселенің маңыздылығына тоқталып, жан-жақты талдау арқылы бюджетке қосымша кіріс көздерін іздестіруді тапсырды.

– Бюджетті тиімді басқару және сапалы жоспарлау – басты міндетіміз. Осы орайда бюджеттің тиімділігін арттыру үшін салық базасын ұлғайту жайы апта сайын қаралуда. Өткен аптадағы мәжілісте жауапты басқармаларға, департамент басшыларына, қала, аудан әкімдеріне әрбір салық түсімі, салық төлеушілер бойынша талдау жасап, жергілікті бюджет түсімінің резервтерін анықтау тапсырылды. Бюджет түсімінің өсімі бірінші кезекте жеке бизнес кызметін заңдастыру, инвестиция тарту, нақты салықтық базаны анықтау арқылы қамтамасыз етіледі. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық деңгейдегі әкімдер өз қызметі

шегінде облыс бюджетінің кіріс бөлігін толықтыруға аса жауапкершілікпен қарауы қажет, – деді облыс әкімі.

Жиында мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Әділбек Бекішев, аудан әкімдері мен облыстық басқарма басшылары атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Мәселен, Арал ауданында бір апта ішінде 3 кәсіпорын тіркеліп, жылына 16 млн теңге салық төлейтін болды. Мұнан бөлек, шамамен 50-70 млн теңге салық төлейтін өзге аймақтағы 7 кәсіпкерлік субъектісін ауданға тіркеу үшін құжаттары рәсімделуде. Қазалы ауданында сырттан 18 кәсіпкерлік субъектісін тіркеу жұмыстары жүргізілді. Корпоративтік, жеке табыс, көлік салығынан 50 млн теңге түседі деп күтілуде.

Мәжілісті қорытындылаған



облыс әкімі 2024 жылғы жергілікті бюджет кірістерінің айлық бөлінісінің болжамы және оның орындалуы тұрақты қадағаланып отырғандығын ескертті. Барлық деңгейдегі әкімдер, басқармалар, аймақтық департаменттер және

кірістер органдары салық базасын ұлғайту жұмыстарын күшейтуі қажет екенін атап өтті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ХАБАРЛАМА БОЙЫНША ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қызылорда қаласындағы мектептердің бірінде, яғни Ж.Нұрманов атындағы №198 мектепте ғимаратқа жарылғыш құрылыс салынғаны туралы полицияға хабарлама келіп түскен. Оқиға орнына шұғыл түрде жедел қызметтер келді. Ғимараттан адамдар эвакуацияланып, тексерілуде.

Қызылорда облысының Полиция департаменті қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатын терроризм актісі туралы жалған хабар бергені үшін жауапкершілік туралы ескертті, ол үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 273-бабында (Терроризм актісі туралы көрінісу жалған хабарлау) жаза көзделген. Осы бап бойынша 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

ҚАЗАЛЫДА КӨШЕЛЕР ҚАЙТА ЖӨНДЕЛУДЕ

Қазалы ауданы әкімі Мейрамбек Шермағанбет Әйтеке би кентіндегі Жанқожа батыр көшесіне жүргізіліп жатқан қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты. Жанқожа батыр көшесіндегі жол жөндеу жұмыстары 2023 жылы басталып, 691 метрге асфальт қабаты төселген болатын.

Орталық көшедегі жасалып жатқан жұмыстардың жайын аудан басшысына мердігер мекеме «Строй Модуль Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Жасұлан Шамұратов баяндады. Аудан әкімі былыр басталған қайта жаңғырту жұмыстарына байланысты жауапты сала басшыларына Жанқожа батыр көшесінің Т.Бөріқұлақов және Қ.Пірімов көшелерінің қиылыстарына

жол айрықтарын салу, Жанқожа көшесінің жаяу жүргіншілер жолын жаңарту, аяқ су трубаларын орнату, көше бойындағы электр бағаналарын ауыстыру және басқа да, жобадан қаралмаған жұмыстарға толықтырулар енгізуге қатысты нақты тапсырмалар берді. Сондай-ақ, аудан орталығындағы Әйтеке би көшесін мүмкіндігінше, кеңейту және Қазалы қаласы мен Әйтеке би кентінің аралығында орнатылған жарық шамдарды тексеріп, тиімділігін анықтау жөнінде тапсырма берді. Айта кетейік, бүгінгі таңда Жанқожа батыр көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолындағы бордюрларды ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Орталық көшедегі қайта жаңғырту жұмыстары жыл аяғына дейін аяқталады деп жоспарлануда.



17 ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Қызылорда қаласының аумағына келген шетелдіктердің көші-қон заңнамаларын бұзу деректерін анықтау, оларды әкімшілік жауапкершіліктерге тарту, іздеуде жүрген қылмыскерлерді анықтау мақсатында шетелдіктердің уақытша тіркелген мекен-жайларын, салынып жатқан құрылыс нысандары, базарлар мен дәмханалар тексеріліп, рейттік іс-шаралар жүргізілуде. Бір апта көлемінде 17 заң бұзушылық анықталды.

Нәтижесінде Көші-қон заңнамаларын бұзған ҚР ӘҚБтК-нің 517 бабымен (Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның ҚР халықтың көші-қон саласындағы заңнамасын бұзуы) 12 шетелдік анықталды.

Сонымен бірге ҚР ӘҚБтК-нің 518 бабымен (Шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды қабылдайтын жеке немесе заңды тұлғалардың ҚР-ның халықтың көші-қон саласындағы заңнамасын бұзуы) 4 азаматтың әкімшілік шаралар көрілді. Шетелден келген азаматтарды Қызылорда қалалық полиция басқармасы үнемі бақылауда ұстап, түрлі шаралар негізінде жұмыстар жасайды.

Осыған байланысты, алдағы уақытта да аталған бағыттағы жұмыстарды жандандыру мақсатында Көші-қон қызметі бөлімінің қызметкерлері нақты тапсырмалар бойынша тиісті ұйымдастырушылық шаралар қабылдауда. Бұл бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табады.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқанын жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2500 теңге;
«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

6 айға – 2850 теңге.
БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8(7242) 27-85-75; 8-7059827661.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ КӨШЕСІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи көшесін қайта жаңғырту және абаттандыру жұмыстарымен танысты. Қожа Ахмет Яссауи көшесінің Ә.Бөкейхан көшесінен Әйтеке би көшесіне дейінгі аумағын қайта жаңғыртуды мердігер мекеме «Қыран» ЖШС наурыз айында бастады, жоба құны – 3 млрд. теңге.

Ұзындығы 3 шақырымға жуықтайтын көше 4 жолақтыға ауыстырылып, толығымен жарықтандырылады, арық қазылып, жаяу жүргіншілер жолы төселеді және жарық шамдары орнатылады. Мұнан бөлек, көшені абаттандыру жұмыстарына 725 млн. теңге бөлінді. Мердігер мекеме «BSG Инжиниринг» ЖШС жұмысты жуық арада бастап, қараша айында аяқтамақ. Жоба бойынша теміржолдың екі бетіне тұрғындардың серуендеуіне ыңғайлы аллеялар, жаяу жүргіншілер жолы салынады. Бұл көше халыққа қолайлы болуымен қатар, Қызылордаға жеткен пойыз жолушыларының қаланың көркі, тазалығы туралы алғашқы ойын қалыптастырады. Осылайша қаланың орталық көшелері ғана емес, шет аймақтағы көшелер де кеңейтіліп, көркейтіледі.

Сондай-ақ, қарқынды құрылыс алаңына айналған Қызылорда қаласының сол жағалауындағы жаңа автовокзал ғимаратының аумағына ағаш

көшеттері отырғызылып, барлық ауданда елді мекендер көгалдандырылуда. «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Нысан таяуда ел игілігіне табысталамақ. Жобаға бағытталған 20 млрд теңгенің 15 млрд 700 млн теңгесі Болат Өтемұратов қорынан бөлінген. Жергілікті бюджеттің 4 млрд 300 млн теңге қаржысы инфрақұрылымды дамытуға, абаттандыруға, яғни жылу, су, электр, телефон және көріз, желілерін, автожол жүргізуге жұмсалды. Қазір әуежай және оған іргелес аумақ абаттандырылуда. Осы аумаққа 615 шаршы метр гранит жабыны, 16,2 шаршы метр асфальт, 4038 шаршы метр кесіле тас және 3630 шаршы метр қиыршық тас төселетін болады. «Қызылорда қаласындағы әуежайдың іргелес аумағын абаттандыру құрылысы» жобасына 634 050 млн теңге бөлініп, 4 жолақты, ұзындығы 480 метр, әр жолақтың ені 3,5 метр болатын жол салынуда. Құрылыс-



монтаждау жұмыстары осы айдың соңында аяқталады.

Еске салсақ, облыста өткен жылы 38 млрд. теңгеге 671 шақырым жол жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдар үлесі 87,5 пайыз болса, осы жылдың қорытындысымен бұл көрсеткішті 92 пайызға жеткізу жоспарлануда. Қазіргі таңда жергілікті жол инфрақұрылымын дамыту бағытында ұсынылған 61 млрд. теңге бюджеттік өтімінің 30 млрд. теңгесі қолдау тауып, 215 шақырым автомобиль жолдары,

көпір өткелдері және көшелер жөнделмек. Жыл соңына дейін қаржыландыру көлемі тағы да ұлғайтылады. Оның ішінде Қызылорда қаласының жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттерге 28,3 млрд. теңгеге бюджеттік өтімін беріліп, оның 12 млрд. теңгесі қолдау тапты. Айта кету керек, өткен жылы Қызылорда қаласында 11 млрд теңгеге 82 шақырым болатын 267 көше жөндеуден өтті.



«Құрметті азаматы» атағы берілді

Қала әкімі Серік Қожаниязовтың төрағалығымен өткен актив отырысында «Қызылорда жолдары» ЖШС төрағасы Алтынбек Шомановқа Қызылорда қаласының «Құрметті азаматы» атағы берілді. Бұл марапат өткен жылдың қорытындысында табыстауы тиіс болатын. Алайда, белгілі себептерге байланысты марапаттау рәсімінің сәті бүгінге түскен.

Жиында шаһар басшысы Серік Салауатұлы марапат иесіне жылы лебізін білдірді.

– Алтынбек Дәуменұлы, Сіз басқаратын компания жол саласындағы көшбасшылардың бірі. Компания шаһарымыздың әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне зор үлес қосты. Осы іргелі істерге Өзінді ұйытқы болдыңыз. Бүгінгі марапат сіздің пайғамбар жасына келген мерейлі күнінен туспа-түс келіп отыр. Қос қуанышыңызбен құттықтаймын. Алдағы уақытта

да өңіріміздің дамуына атсалыса беріңіз деп сенемін», – деді Серік Салауатұлы.

Алтынбек Шоманов жол құрылысы саласында үздіксіз 41 жыл еңбек еткен. Ол өңірдің жол инфрақұрылымын дамытуға атсалысқан елге танымал азамат. Жиында марапат иесіне қалалық мәслихаттың төрағасы Ибадулла Құттықожаев және жол саласының ардагері Өтен Қалымбетов ізгі лебіздерін білдірді.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖОБАСЫ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНДЫ

4-5 сәуір күні Назарбаев Университетінде «Sustainability Living Lab» бағдарламасының конференциясы өтті. Конференцияға республика бойынша 12 университеттің студенттері қатысып, бағдарлама аясында іске асқан инновациялық экологиялық жобаларын таныстырды.

Жобалар сайысында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері Темірлан Абжанов пен Саят Уриқбаев қолданысқа берілген жобалары туралы қорытынды есебін сәтті тапсырды.

Smart Bench – күн сәулесінен қуат алатын «ақылдық» орындық. Ол әдеттегі орындықтардан зарядтау станциясы ретінде жұмыс істейтін кіріктірілген күн панелімен ерекшеленеді. Олардың көмегімен бір уақытта бірнеше телефонды зарядтауға болады. Университет қызметкерлері мен студенттері арналған инновациялық эжоба бас оқу ғимаратының жанында орнатылды, – деді Саят Уриқбаев.

Келесі грант иегері Темірлан Абжанов тұрақты жылыжайға бағытталған жоба ұсынды. Жобаның мақсаты – органикалық қалдықтарды өңдеу арқылы топырақты қунарландыруға пайдалану. Сондай-ақ топырақтың төменгі қабаты арқылы суару әдісін қолдану және суару процесін автоматтандыру арқылы су шығынын азайту.

Конференцияның алғашқы күні қатысушылар баяндамаларын ұсынып, гидропоникалық қондырғы жасау бойынша шеберлік сағатына қатысты. Сондай-ақ жасыл жобалардың көрмесі ұйымдастырылып, қатысушылар қайта өңделген материалдардан

күн панельдерін, жасыл шатырларды, гравитациялық генераторларды, биологиялық ыдырайтын қаппа-қарраген пленкаларын, су қоймаларынан пластмасса ұстайтын құрылғыларды жасау әдістерін көрсетті. Көрмеге келушілер түрлі экологиялық бастамаларды көріп, студенттердің атқарған жұмыстарымен танысуға мүмкіндік алды. Айта кетейік, «CHEVRON» компаниясы ұйымдастырған «Sustainability Living Lab» жобалар сайысында қызылордалық жастар инновациялық экологиялық жоба ұсынып, әрқайсысы 1 млн 300тенге көлемінде арнайы грант иеленген болатын.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде инновациялық жобаларды дамыту мен инвестиция тартуда көмек беретін, IT бойынша кадрлар даярлау және тегін білім беру мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Кәсіпкерлік орталықтан жалпы кейінгі жылдары 139 резидент шықты, шаралар мен бағдарламалар аясында 7600 жас қамтылып, 73 870 000 теңге инвестиция тартылды. Бизнес-инкубатор инкубациялау бағдарламаларын, стартаптар хақатондар мен фестивальдер, семинарлар мен курстарды жүргізеді, сонымен қатар салықтық есеп және маркетинг бойынша тегін қызмет көрсетеді.

«AMANAT»: БАСТАУЫШ ҰЙЫМДАР – ПАРТИЯ ТІРЕГІ

Бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жүйелендіру мақсатында олардың төрағалары және ұйым мүшелерімен бірлесіп партиялық жобалар, көшпелі қоғамдық қабылдау жұмыстары ұйымдастырылуда.

«AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының Төрағасы Ибадулла Құттықожаев пен Атқарушы хатшы Гулшат Мұсаева «Ана мен бала», «Ақсат», «Орталық», «Бірлік», «Көшеміз» бастауыш партия ұйымдарының 2023 жылы атқарған жұмыстарының есебін тыңдады. Олардың 2023 жылы атқарған жұмыстарының есебін тыңдап, ағымдағы жылға нақты

тапсырмалар беріп, бірлескен жұмысты одан әрі жалғастыру – басты талап.

«Әр партия мүшесі партияның бастамаларына белсенділік танытып отыруы қажет. Сонымен қатар, еңбегі сінген азаматтарды дәріптеп, оларға партия атынан жоғарғы марапаттар беруге, қолдауға әрқашан дайынбыз. Алдағы уақытта бастауыш партия ұйымдарының жұмысын

ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛГЕН КҮН

Қызылорда қаласы Жаппасбай батыр көшесіндегі көпқабатты үйден 150 отбасыға пәтер кілті табысталды. Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты қоныстоймен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде «Баспана – жұрттың тұрмыс сапасын танытатын тағы бір маңызды көрсеткіш. Жөнделетін және ипотеканың енгізілуі және жалға берілетін тұрғын үйдің көптеп салынуы құрылыс қарқынын арттырады. Құрылыс саласында жүз мыңдаған отандасымыз адал еңбек етіп жүр. Ең бастысы, бұл бағдарлама баспанаға мұқтаж көптеген адамның үй аулуына жол ашады», – деп атап өткен болатын.

Халықтың аз қамтылған тобына баспана беру, қамқорлық көрсету – еліміздің әлеуметтік-

экономикалық даму бағдарының негізгі басымдығы. Өңірде бұл бағытта тындырымды тірлік атқарылууда. Өткен жылы аймақта 4 108 пәтерлік 300 тұрғын үй салынды. Нәтижесінде 2 400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапты. Биыл бюджет қаражаты есебінен 13,3 млрд. теңгеге 1 269 пәтерлік 67 тұрғын үй құрылысы жүргізіледі. Алдағы уақытта бұл көлем тағы да ұлғаймақ. Жыл басынан бері 252 отбасы баспаналы болған еді, бүгін міне, өздерінің қатысуларының арқасында 150 отбасы қоныс тойын тойлайды. Ендігі аптада «Сыр жастары»

жөнделетін ипотекалық несиесі бағдарламасымен тағы да 60 шақты жас отбасыға баспана кілті табысталады», – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, бүгінгі пәтерлер мүгедектігі бар азаматтарға, толық емес отбасыларға және жетім балаларға берілді. Жаңа 60 және 90 пәтерлік көпқабатты тұрғын үйлерді «Сәт Сервис» және «СК Дәнекер» ЖШС салды.

Рәсімде Айсулу Ошпанова қоныстой иелері атынан қуанышын жеткізіп, құрылыс саласының ардагері Ақмұрат Мадияров ақ батасын берді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан тұрғындар мен құрылысты сапалы салуға атсалысқан мердігер мекеме қызметкерлері марапатталды. Қазір Қызылорда қаласы мен елді мекендерде бой көтерген әлеуметтік нысандардың сәулетті, сапалы және үйлесімді болуына баса назар аударылады.

Жаңа құрылысқа қойылатын талаптардың бұлжытпай орындалуы да қатаң бақылауда.

Бүгінде сол жағалаудан 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернаты бой көтеруде. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында биыл 10 мектеп ел игілігіне табысталады, тағы 11-нің құрылысы басталады. Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын шыңдау мақсатында «Шығармашылық академиясы», Жаңақорған, Шиелі аудандарында Оқушылар үйі мен Өнер мектептері салынады. Өткен жылы «Отбасы орталығы» және «Анаға тағзым» орталығы өз қызметін бастады. Жакында 1000 орындық «Өнер орталығы» салтанатты түрде ашылса, сол жағалаудан жаңа өлкетану музейі бой көтермек.

ЕСКЕ АЛУ ШАРАСЫ ӨТТІ

«Тағзым» алаңында Тәжік-Ауған шекарасында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерді құрметпен еске алу шарасы өтті. Шарда қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев ардагерлерге ізгі лебізін білдіріп, амандық, дендеріне саулық тіледі.

– Бүгін біздер ұрыс-соғыс оқиғасында қаза болған ағаларымыздың рухына бас иіп, тағзым етеміз. Қазақ қашанда «Ер – елдің қорғаны» деп, ер-азаматтың қоғам алдында биік бағасын асырып, мерейін тасыға білген халық. Сондықтан, азаматтық пен батырлықтың биік үлгісін көрсеткен сарбаздар ерлігі қашанда ел есінде, – деді Ибадулла Дүйсенбайұлы.

Тағлымды шарда Тәжік-Ауған шекарасында қаза болған жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алып, гүл шоқтары қойылды. Ерлікпен қаза тапқан жерлеріміздің рухына құран бағышталды. Шара соңында ардагерлер тал

егіп, игі іске жұмыла кірісті. Айта кету керек, жыл сайын елімізде 7 сәуір Тәжік-Ауған жеріндегі бітімгершілік операциясында қаза тапқан жауынгерлерді еске алу күні ретінде аталып өтіледі. 8 жылға созылған әскери қақтығысқа сегіз жарым мың қазақстандық қатысса, оның 46-сы ажал құшты.

Майдан даласында 100-ге жуық сарбаз жараланып, бірқатары мүгедек болып елге оралды. Сыр өңірінен 400-ге жуық жерлесіміз аттанып, Отан алдындағы борышын адал атқарды. Отанға қажет кезде жауынгерлік саптан табылған батырларымыздың өмірі бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге.



САЛЫҚ БАЗАСЫН КЕҢЕЙТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте бюджеттің кіріс бөлігінің өсуін қамтамасыз ету және салық салу базасының резервтерін анықтау, оны кеңейту мүмкіндіктері қаралды.

Жиында қала әкімімен бекітілген «Қызылорда қаласы бюджетінің салық салу базасын кеңейту жөніндегі іс-шаралар жоспары» талқыланып, уәкілетті органдардан жоспарға сәйкес қалалық кірістер басқармасына тиісті ақпарат ұсыну тапсырылды.

2024 жылдың 1 тоқсаны қорытындысымен жергілікті бюджеттің жоспары 114,4 пайызға орындалып, бюджет түсімдерінің өсімі байқалды. Осы ретте, Дархан Есалұлы 2024 жылға бекітілген жоспарды өз деңгейінде орындау үшін алда бұдетке түсетін түсімдер бойынша жоспарланған кіріс көзін сапалы әрі толық орындауды, салықтық берешектерді өндіру

жұмыстарын күшейтуді жүктеді. Сонымен қатар, қаланың барлық көшелері мен кент, ауылдық округтердегі коммерциялық объектілерге түгендеу жұмыстарын жүргізу мақсатындағы бірлескен жұмысы топ құрылмақ. Аталған жұмысшы топ қала көшелеріндегі, кент ауылдық округ әкімдері өз аймақтарындағы кәсіпкерлік нысандары түгендеп, мәліметтерін мемлекеттік кірістер басқармасына ұсынатын болады. Қала әкімінің орынбасары салық базасын ұлғайту бағытында салаға жауапты бөлімдер мен кент, ауылдық округтердің әкімдері және кірістер органдары арасында өзара бірлескен жұмыс жүргізілгенде көрсеткіш нәтижелі болатынын атап өтті.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН – ТАЗА ӨЛКЕ

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында Сыр өңірінде «Таза Қазақстан – таза аймақ» экологиялық науқаны бастау алды. Оның аясында әр аптада бекітілген тақырыптар бойынша аумақтарды абағтандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі.

Науқанның бірінші аптасы «Таза өлке» атауымен аталып, бүгін ұйымдастырылған игі істерге қатысушылар мен мүшесі барлық жастағы адамдар, өкілдері, еріктілер, қоғам белсенділері мен жастар және тұрғындар белсенді қатысты. Акцияға қатысушылар бекітілген аумақтарда тал көшеттерін отырғызып, сквер-аллеяларды тазалап, аяқ су жүретін арық көздерін аршыды. Ал, арнайы мекеме жұмысшылары аялдамаларды, жолаушылар дамылдатқын орындықтарды,

бағдарламаларды жуып, жарық бағаналарын сырлады.

Айта кету керек, 2-ші наурыз бен 4 мамыр аралығына облыс әкімінің өкімімен жарияланған екі айлық санитарлық тазалық, көркейту-көгалдандыру шарасы арналған калашілік арықтар басталып, негізгі каналдар тазаланды. 8 000-ға жуық тал көшеттері отырғызылды. Екі айлық аяқталғанша 35 мың түп саялы ағаш егіледі. Жас өскіндерге жаңадан құрылған «Жасыл-Қызылорда» мекемесі күтім жасайды.

«БЕКІТЕМІН»
Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы
Б.Өмірзақов
« 6 » 04 2024 жыл

Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысының 2024 жылдың II-тоқсанында жеке азаматтарды қабылдау кестесі

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Өмірзақов Біржан Мүтәлұлы	Бөлім басшысы	Апта сайын, сәрсенбі жұма күні сағат 17.00-19.00	Жосалы кенті, Көшербаев көшесі № 34 үй	2-31-08

